**« 2 қарашадан бастап «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ жер телімдері бойынша электрондық сауда-саттық жүргізеді**
тақырыбына ақпараттық материалдарды дайындау бойынша атқарылған жұмыстар туралы
**2021 жылғы 1 маусымдағы №119 шартқа №7 аралық есеп:**

**Жасалған күні:** 03.11.2021 жыл
**Шарт:** 2021 жылғы 1 маусымдағы №119
**Жеткізуші:** «Murager Group» ЖШС

**Мақсаты:**

Ақпараттық материалдың негізгі мақсаты – «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында жер телімдерін сату бойынша алдағы сауда-саттық туралы хабарлау, сондай-ақ әлеуетті сатып алушылардың осы сауда-саттыққа қызығушылығын тудыру.

**Қолданылған материалдар:**

Ақпараттық материалды дайындау мақсатында «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ алдағы сауда-саттық туралы толық ақпарат ұсынды.

**Материалды дайындау:**

Ақпараттық материалды дайындау бойынша міндеттемелерді орындау кезінде жұмысқа экономика және банк салаларында тиісті біліктілігі мен білімі бар журналист тартылды.

Журналистік мәтіннің маңызды құрамдас бөлігі – тақырып, лид (басты абзац) және мәтін аяқтамасы. Осыған байланысты, ақпараттық материалды дайындау барысында келесі негізгі құрылым пайдаланылды:

1. Тақырыбы;
2. Лид;
3. Мазмұндық бөлігі;
4. Қорытынды бөлім (бэкграунд).

Материалдың бірінші абзацтарында Гүлдала жер телімдерінің артықшылықтары туралы айтылады. Ақпараттық материалдың мазмұндық бөлігінде мынадай мәліметтер қамтылды:

1) сауда-саттыққа шығарылатын объектінің атауы, суреттемесі және сипаттамасы;
2) жылжымайтын мүліктің дәл орналасқан жері;
3) сауда-саттықты өткізу уақыты мен орны;
4) сауда-саттық жүргізетін сенім білдірілген тұлғаның аты (атауы) және тұрғылықты жері (орналасқан жері), оның анықтамаларға арналған телефон нөмірі және төлем деректемелері.

Бұдан әрі Қор активтерін экономикалық айналымға тартудың нақты мысалы көрсетіледі – Алматы қаласындағы жетекші тау шаңғысы курорттарының біріне ауданы 30 га жер телімін (Бесқайнар ауылы, Талғар ауданы, Алматы облысы) сату.

Жаңалықтар материалының қорытынды бөлімінде (бэкграунд) Қор туралы анықтамалық ақпарат көрсетілген.

**Орналастыруға арналған алаң, саны және көлемі:**

«Проблемалық кредиттер қоры» АҚ қызметін ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі медиа-жоспарға сәйкес, ақпараттық материалды орналастыратын негізгі интернет алаң ретінде www.inbusiness.kz порталы айқындалды.

| № | Медиа-алаң атауы | Материал саны | Белгі көлемі | Жариялау уақыты | Материалға сілтеме | Қызметтер құны теңгемен, ҚҚС-сыз |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Inbusiness.kz интернет-порталы | 1 материал қазақ тілінде | 1 800 белгіге дейін | 01.11.2021 жыл | https://inbusiness.kz/kz/last/2-karashadan-bastap-problemalyk-kreditter-kory-ak-zher-telimderi-bojynsha-elektrondyk-sauda-sattyk-zhurgizedi | 375 000 |
| | **БАРЛЫҒЫ:** | **1** | | | | **375 000** |

**Директор** **А.Жақыпов**